ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

11 қыркүйек 2023 жыл №3514-23-00-2/3719 іс Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г. Ондасынованың,
сот отырысының хатшысы А.Абжановтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қарқаралы ауданының Тәттімбет ауылдық округі әкімі аппараты» мемелекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Маусымбаева Бакытжамал

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Сейлханов О.
талап қоюшының өкілі Билялов Н.,
жауапкердің өкілі Алишева Ж.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылдың 15 ақпанындағы №9237840-ЗЦП1 баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындысы туралы хаттамаға сәйкес, 2023 жылдың 27 ақпанында талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №4 тауарларды мемлекеттік сатып алу шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 2.1, 2.2, 3.2-тармақтарына және 1, 2-қосымшаларына сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 6 160 000 теңгеге Ақтасты ауылында футбол алаңын орнату жұмыстарын жасауға, мамыр-маусым айларында міндеттенген.

Шарт қазынашылық органда 2023 жылдың 1 наурызында тіркеліп, күшіне енген. Жауапкер жоғарыда көрсетілген жұмысты мамыр – маусым айларында аяқтауға міндеттенген.

Талап қоюшы жоғарыда аталған талап қоюмен сотқа жүгініп, жауапкер шарт бойынша тиісті түрде міндеттемесін орындамағанын көрсетіп, жұмыстар уақытылы бітпегенін байланысты мемлекеттік сатып алдуың жосықсыз қатысушысы деп танып, жауапкерден мемлекет пайдасына кешіктірілген 13 күнге 80 080 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Талап қоюшы өкілі талабын қуаттап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі сот отырысында толығымен мойындамайтынын, қазіргі таңда жұмыстар 99%-ға орындалғанын көрсетті. Жаңбыр болуына байланысты және жарық орнату үшін тапсырыс беруші тарапынан толық құжаттар ресімделмегендіктен, жұмыстар уақытылы аяқталмағанын атап өтті.

Прокурор талап қою қанағаттандыруға жатады деп қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1. Талап қоюшының бірінші талабы бойынша.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің (әрі қарай - АК) 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Шарттың 6.1, 6.2-тармағына сәйкес, орындаушы жұмыстарды №4 шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға толық сәйкестікте тапсырыс берушіге тапсыру және қабылдап алу актісі бойынша толық тапсырған жағдайда орындалды деп саналады.

Жауапкер шарт бойынша белгіленген мерзімде жұмысты аяқтамаған, шарттық міндеттемесінен орындамаған.

Жауапкердің жаңбыр болғанына байланысты және жарық сәулелерін орнату үшін құжаттарға тапсырыс берушінің өкілінің қол қою керектігіне байланысты жұмыстар уақытылы орындалмағаны жөніндегі уәждерін сот қабылдамайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - ҚР АК) 616-бабының 1-тармағына сай мердігерлік шарты бойынша бір тарап (мердігер) екінші тараптың (тапсырысшының) тапсырмасы бойынша белгілі бір жұмысты атқаруға және белгіленген мерзімде оның нәтижесін тапсырысшыға өткізуге міндеттенеді, ал тапсырысшы жұмыс нәтижесін қабылдап алуға және оған ақы төлеуге (жұмыстың бағасын төлеуге)

Құжатқа қол қойылған: Ондасынова Г. О., 12.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 16.10.2023, судья Ондасынова Г. О., 17.10.2023
3514-23-3-1/3843

міндеттенеді. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, жұмыс мердігердің тәуекелімен орындалады.

Шартқа қол қоя отырып, жауапкер шартта көрсетілген уақытта жұмыстарды аяқтау туралы жауапкершілікті өз мойнына алған, яғни бұл жауапкердің тәуекелі. Шартта көрсетілген мамыр – маусым айларында жасалуға тиесілі. Шілде айының 1 күні жұмыстар аяқталуға тиесілі болған, сотта бұл жұмыстар қыркүйек айына дейін орындалып бітпегені анықталды. Жарық сәулелерін орнату бойынша қыркүйек айында туындап отырғаны, жауапкердің шарттық міндеттемелерін уақытылы орындамағанын растап отыр. Яғни, жауапкер өз міндеттемелерін уақытылы орындаған жағдайда, жарық сәулелерін орнату сұрақтары да уақытылы өз шешімін табуға тиесілі болатын.

Талап қоюшы осы талап қою арызбен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2023 жылдың 114 шілдеде жүгінген.

Осы анықталған жағдайда талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану талабы негізді, қанағаттандырылуға жатады деп тұжырымдайды.

2. Талап қоюшының екінші талабы бойынша.

АК-тің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады.

Шарттың 8.3-тармағында, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының, ал тиісінше орындалмаған жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алатыны қарастырылған.

Талап қоюшы жауапкерден 80 080 теңге өндіруді сұраған.

Шарт бойынша 6 160 000 (6 160 000 теңге*0,1%*13 күн) теңге, яғни (2023 жылдың 1-13 шілде аралығында) 13 күнге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы негізді деп санайды.

Сондықтан осы келтірілгендер негізінде сот талап қоюшының жауапкерден 80 080 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп табады.

Жауапкер талап қоюшының талап қою арызын жоққа шығаратын дәлелдер ұсынып қарсы пікір келтірмеген.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 4 127 теңге өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Құжатқа қол қойылған: Ондасынова Г. О., 12.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 16.10.2023, судья Ондасынова Г. О., 17.10.2023

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қарқаралы ауданының Тәттімбет ауылдық округі әкімі аппараты» мемелекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер Маусымбаева Бакытжамал мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Маусымбаева Бакытжамал мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Маусымбаева Бакытжамалдан мемлекеттің пайдасына 80 080 (сексен мың сексен) теңге тұрақсыздық айыбы, 4 127 (төрт мың бір жүз жиырма жеті) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья Г. Ондасынова

Көшірме дұрыс:

Судья Г. Ондасынова

Құжатқа қол қойылған: Ондасынова Г. О., 12.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 16.10.2023, судья Ондасынова Г. О., 17.10.2023

3514-23-3-1/3843